СҰЙЫҚТЫҚТЫ
ТЕРМОСТАТИКАЛЫҚ БАСТИЕК

ZQTHE001

zencQ

0016/ 01 / 26 KZ



ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ


Радиаторларға арналған термостатикалық бастиектер — бұл термостатикалық радиаторлық клапандар арқылы жылутасығыштың берілуін реттейтін автоматты реттегіштер.
Олар үй-жайдағы ауаның температурасын бастиекте таңдалған мәнге дейін тұрақты түрде бақылап, ұстап тұруға арналған.
Терморетегіштерді қолдану бөлмелердегі ауаның температурасын ±1 °C дәлдікпен автоматты түрде белгіленген деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР	
Қосылу	
Қосылу түрі	Бұрандалы
Бұранда өлшемі	M30*1,5
Жабу күші	90 Н
Температура бойынша деректер	
Жұмыс температураларының диапазоны	6~28 °C
Ауа температурасын реттеудің төменгі шегі (*)	6 °C
Ауа температурасын реттеудің жоғарғы шегі	28 °C
Гистерезис	1 °C
Қысым айырмасының әсері	0,3 °C
Жылутасығыш температурасының әсері	0,9 °C
Қоршаған орта температураларының диапазоны	-15 ... +50 °C
Қысым бойынша және басқа деректер	
Рұқсат етілетін ең жоғары статикалық қысым, D	1,0 МПа
Рұқсат етілетін ең жоғары қысым айырмасы, W	0,1 МПа
Әсер ету уақыты, Z	28 минут
Салмағы	123 г

ҰСЫНЫЛАТЫН БАПТАУ ШКАЛАСЫ


БАПТАУ	БӨЛМЕ ТЕМПЕРАТУРАСЫ, °C
*	6
1	12
2	16
3	20
4	24
5	28


ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР



ӨЛШЕМ	МӘНІ
Диаметрі , D	47,6 мм
Биіктігі , H	81
Гайка өлшемі , SW	33

КОНСТРУКЦИЯСЫ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ		
1	Корпус қақпағы	ABS - пластик
2	Сильфон	DC04 конструкциялық болаты
3	Итергіш	Арматураланған нейлон
4	Серіппе	MN65 мырышталған болаты
5	Итергіштің седлосы	Арматураланған нейлон
6	Штифт	Fe темірі
7	Қозғалмайтын жарты корпус	ABS - пластик
8	Накидка гайкасы	Жез CW614N
9	Жұмыс заты	Этилацетат (C4H8O2)






ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРИНЦИПІ

Пластиктен жасалған қозғалмайтын жартылай корпус ішінде орналасқан сильфонды сыйымдылық этилацетатпен толтырылған.
Сұйықтықтың кеңеюі серіппемен керілген итергіші бар пластик штокқа әсер етеді.
Итергіш термостатикалық клапанның штогына әсер етеді.
Корпус қақпағы камераны жауып тұрады.
Штифт көмегімен пайдаланушы баптауды белгілі бір ең жоғарғы рұқсат етілген қалыппен шектей алады.
Клапанды пайдаланушылық баптау корпус қақпағын бұру арқылы, көрсеткі-бағыттағышты қажетті баптау белгісімен сәйкестендіру жолымен жүзеге асырылады.
Үйде ешкім болмаған жағдайда маховикті «*» күйіне бұру ұсынылады.
Бұл режимде үй-жайда қатып қалудан қорғау үшін белгілі бір температура сақталады.

ОРНАТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Термостатикалық бастиек HD 1215-2 Part 2 және EN 215-1 Part 1 стандарттарына сәйкес дайындалған, қосылу өлшемі M30×1,5 болатын термостатикалық клапандарға орнатылуы тиіс.
2. Термостатикалық бастиекті клапанға орнату келесі тәртіпте жүргізіледі:
   - термостатикалық клапаннан қолмен реттеу бастиегін шешіп алу;
   - термостатикалық бастиекте «5» баптау мәнін орнату;
   - бастиекті клапанға кигізіп, накидка гайкасын қолмен тірелгенше бұрап бекіту;
   - бастиекті қолмен реттеуге ыңғайлы қалыпқа бұру;
   - үй-жайдағы қажетті температуралық режимге сәйкес шкала мәнін орнату (ұсынылатын мән — «3»);
   - қажет болған жағдайда баптау қалпын бөгде араласудан қорғау үшін бекіткіш сақинамен бекіту.
3. Термостатикалық бастиекті орнату кезінде келесі талаптарды сақтау қажет:
   - бастиекті радиатордан немесе келетін құбыржолдан шығатын конвективті жылу ағындарының тікелей әсер ету аймағына орнатуға болмайды;
   - бастиек экранмен немесе пердемен жабылған жағдайда оның дұрыс жұмыс істеуі мүмкін емес;
   - бастиек тікелей күн сәулесінің әсер ету аймағында болмауы тиіс;
   - термостатикалық бастиекті көлденең қалыпта орнату ұсынылады.
4. Термостатикалық бастиекті радиатор клапанына орнату кезінде бұрау моменті шамамен 10 Н·м, бірақ одан аспауы тиіс.



ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Термостатикалық бастиек техникалық сипаттамаларда көрсетілген параметрлерде пайдаланылуы тиіс.
2. Термостатикалық бастиекті толық немесе ішінара бөлшектеуге жол берілмейді.
3. Термостатикалық бастиекті құрғақ немесе дымқыл шүберекпен жабу, сондай-ақ накидка гайкасын толық тартпау терморетегіштің дұрыс жұмыс істемеуіне әкеледі.
4. Термостатикалық бастиек корпусына қоқыс пен жәндіктердің түсуіне жол бермеңіз.
5. Термостатикалық бастиек корпусын мезгіл-мезгіл шаңнан тазалау қажет.
Бұл ретте химиялық еріткіштер мен абразивті материалдарды қолдануға болмайды.
6. Егер жылутасығыш ретінде қатпайтын сұйықтықтар пайдаланылса және ауа температурасы +3 °С-тан төмен болса, термостатикалық бастиектерді клапандардан алып тастау қажет.

ӨНДІРУШІ

ZUOYOU GLOBAL BUSINESS LIMITED
Өндіріс мекенжайы: Shamen Industrial Area, Yuhuan,Taizhou, Zhejiang, China 317607 (Шамен өнеркәсіптік аймағы, Юхуань қ., Тайчжоу қ., Чжэцзян провинциясы, Қытай)
Шыққан елі: Қытай

zencQ бренді **NEORUBY GmbH** компаниясына тиесілі

NEORUBY GmbH ● Am Hamburger Bahnhof 3, 10557 Berlin, Germany

https://zencq.com/